

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

2019. – 1072с.

4. Айдарханов М. Х. Основы экономической теории. Учебник. 4-е издание. 2017. -425с.

5. Низова Л.М. Безработица в экономических теориях // Вестник Марийского государственного университета. 2021. №6. -С.15-23.

6. N.G.Mankiw. Macroeconomics. 11th edition. 2022, -163р.

7. Сагинова А., Современный анализ безработицы в Казахстане и пути ее решения // Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее. – 2017. Т.І, Ч.4. – С.86-89.

8. Фролова Е.А. Экономическая теория. Часть III. История экономических исследований: учебно-методическое пособие. – 2018. –124с.

9. Чуланова З. и др. Казахстанская модель социально-трудовых отношений: проблемы и перспективы. Колл.монография. / Под ред. А.А.Сатыбалдина. Алматы: ИЭ КН МОН РК. 2017. – 452с.

10. Воронин А.Ю., Киршин И.А. Макроэкономика-I: учеб. пособие / Учеб.-метод. об-ние вузов РФ по образованию в обл. экономики и экон. теории. - М.: ИНФРА-М, 2018. – 108с.

11. Б.М.Мұхамедиев, Р.Т.Дуламбаева, Д.Ж.Рахматуллаева. Макроэкономика: оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. – 261б.

ӘОЖ 339.371

## **ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ**

**Мамбеталиева Альбина Мұхтаржанқызы**

[mambetalieva05@list.ru](mailto:mambetalieva05@list.ru)

БВ04102-Экономика мамандығының 2-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Карипова А.Т.

Бүгінгі таңда жаһандық әлем ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың белсенді дамуымен және өмірдің әртүрлі салаларына кеңінен енуімен сипатталады. Бұл үрдіс бизнесті жүргізу тәсілдері мен форматтарына да әсер етті: бүгінде электрондық коммерция белсенді түрде дамып келеді, ол трансакциялық шығындарды үнемдеу түрінде бизнес үшін дамудың жаңа перспективаларын, сол жерде болудың қажеттілігінсіз жаһандық нарықтарға қол жеткізу мүмкіндіктерін және т.б. ұсынды.

Электрондық бизнес қазіргі әлемдік экономикада әлемдік сауданы дамытудың негізгі драйверлерінің бірі болып табылады.

Электрондық коммерция географиялық және әлеуметтік-саяси шекараларды сәйкестендіретін заманауи халықаралық сауданың инновациялық құралы және әлемдік деңгейде жеткізуші мен тұтынушы арасындағы қарым-қатынастың принципті жаңа деңгейін қалыптастырушысы болып табылады [1].

«Электрондық сауда» немесе ағылшынша нұсқадағы «e-commerce»,«e-treading» терминдері:

- ақпаратты, өнімдерді немесе қызметтерді электронды жолмен беру, алу;
- қызметтерді электронды жолмен ұсынуды білдіреді [2].

Электрондық сауда-сатып алушылар мен сатушылар арасындағы желілік өзара байланыстар негізінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуге бағытталған қызмет. Электрондық сауда құралдары бағалы қағаздармен сауданы ұйымдастыруға, заңды тұлғалар арасында мәміле жасасуға, электрондық биржаларда қызмет жүргізуге, тапсырысты және тұтынушылық тауарлардың, көрсетілетін туристік, білім беру, көрсетілетін коммуналдық қызметтердің ақысын төлеуге мүмкіндік береді. Тауарды жарнамалау, оған тапсырыс беру, ақы төлеу, жеткізу жұмыстары желілік құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, желілік жарнамалау кезінде дүкен

өзінің Web-тізілімін немесе Web-сайтта сөре жасайды, мұнда сатып алушы тауардың ерекшеліктері мен сипаттамалары туралы хабарды оқып қана қоймайды, сонымен бірге мультимедиа-құралдарын пайдалана отырып, оны көре де алады [3].

Электронды коммерцияның алғашқы жүйелері мен әдістері олардың пайда болуына, сатуды автоматтандыру технологияларының пайда болуына және ресурстарды басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің енгізілуіне байланысты жүргізілген [4].

Қазақстан Республикасының экономикасының қарқынды түрде дамып келе жатқан сегменттерінің бірі «электрондық коммерция» болып табылады. Электрондық коммерция деген түсінік Қазақстанға 2005 жылдан бастап енген болатын. Осы кезеңнен бастап Қазақстандық әрбір кәсіпкер өз бизнесінің парақшаларын ғаламтор желілерінен ашып, виртуалды әлемге ұсына бастады. Қазіргі таңдағы Қазақстанның электрондық сауда саласының даму деңгейі жыл санап артып келеді. Әсіресе соңғы 2018-2020 жылдары аралығында бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі онлайн сауданың үлесі де айтарлықтай өсті, ал COVID-19 пандемиясы бұл процесті одан әрі тездетіп жіберді. Мәселен, егер 2018 жылы бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электронды сауданың үлесі 2,9%-ды, 2019 жылы 3,8% құраса, коронавирус инфекциясы өршіп тұрған 2020 жылы ол үш есеге жуық артып, 9,7%-ға жетті. Әлеуметтік қашықтық, қатаң карантин шараларының енгізілуі тауарлар мен қызметтерді онлайн сатып алуға бейімдеді. Бұл үрдіс тек Қазақстанда ғана емес, жалпы әлемнің сауда саласына деген көзқарасын өзгертті. Осылайша, қауіпсіздік мақсатындағы карантин шектеулері цифрлы байланыс құралдарын пайдалану мен қашықтан тұтыну көрсеткішінің артуына себеп болды [5].

Кесте - 1. Қазақстан Республикасындағы электрондық сауда (ішкі нарық)


	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі, млн тг	50 919,9	78 500,5	106 918,1	144 606,0	206 253,9	476 651,5	481 978,7	1 963 493,2
Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі,	0,8	1,0	1,2	1,4	1,8	4,1	3,6	12,5
Интернет арқылы көтерме сауда көлемі, млн тг	65 656,2	67 740,9	87 248,8	114 856,8	108 603,2	275 105,4	209 800,0	845 600,0
Көтерме сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі,	0,4	0,4	0,4	0,5	0,4	1,1	0,8	3,2
Интернет арқылы көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру көлемі, млн тг	39 156,4	80 198,4	70 356,2	136 123,0	121 153,7	209 164,7	349 933,7	1 186 536,7
<i>Ескерту - [5] әдебиет негізінде автормен құрастырылған</i>								

1-кестеден Қазақстандағы интернет арқылы жасалған бөлшек сауда көлемінің даму динамикасын көруге болады. Оның 2020 жылғы көрсеткішін 2019 жылмен салыстырсақ, 2 есеге артқанын байқаймыз. Нақтырақ айтсақ, 2019 жылы интернет арқылы жасалған бөлшек сауда көлемі 206 253,9 млн теңгені құраса, пандемия күшейген 2020 жылы 476 651,5 млн теңгеге жеткен. Сондай-ақ кестеден бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электронды

сауданың үлесі 2 еседен астам артқанын байқаймыз. Мысалы, 2019 жылы 1,8% болса, 2020 жылдың қорытындысына сәйкес, 4,1%-ға жеткен. Ал 2022 жылы интернет арқылы жасалған бөлшек сауда көлемі 1 963 493,2 млн теңгені құрап, ең жоғарғы көрсеткішті көрсетіп тұр. Бұл электрондық сауда саласының көлемі пандемиядан кейін жоғарғы қарқынмен артып келе жатқанын көрсетеді [5].

Жалпы Қазақстандағы электронды сауда ішкі және сыртқы сауданың, қолма-қол ақшасыз төлемдердің дамуына және көлемінің ұлғаюына, оған қоса бизнес шығындарын, көлеңкелі айналымды азайтуға ықпал етеді. ҚР Сауданы дамытуға арналған 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасында онлайн төлем жүйесін жетілдіру көзделген. Дегенмен статистикаға назар аударсақ, елдегі электронды төлем жүйесі жолға қойылып келеді. Мәселен, 2020 жылы қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемі 2,4 есеге өсіп, 35,3 трлн теңгеге жеткен. 2021 жылғы көрсеткіш те жоғары. 2021 жылдың алғашқы екі айында қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есеге артып, 7,8 триллион теңгені құраған. Сонымен қатар интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған онлайн төлемдердің үлесі жалпы көлемнің 82%-ын құраған [5].

Елдің басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының бір бағыты-электрондық сауда. Орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуіне жағдай жасау, ұзақ мерзімді перспективада болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қабылдады. Бағдарламаның нысаналы индикаторларының бірі 2022 жылға қарай бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық коммерцияның үлесін 2,6%-ға дейін арттыру болып табылады [6]:



Сурет - 1. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мақсаттары бойынша бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық коммерцияның үлесі

*Ескерту - [6] әдебиет негізінде автормен құрастырылған*

2022 жылдың қорытындысы бойынша электрондық сауда нарығының көлемі іс жүзінде 2 трлн теңгеге жетті, ал бөлшек сауданың жалпы айналымынан электрондық сауданың үлесі 12,5% құрады [6].

Электрондық сауда саласының Қазақстан экономикасына алып келетін артықшылықтары мен маңызы зор екендігін айта кеткен жөн. Мәліметтерге сәйкес, электрондық коммерция қарқынды түрде дамып келеді және экономиканың белгілі бір

аспектілеріне маңызды әсерін көрсетуде.

Электрондық сауданың Қазақстан экономикасына әсері:

- Ең алдымен, электрондық сауда елдегі цифрлық инфрақұрылымның дамуына үлкен әсерін тигізеді. Мәселен, төлемді жеңілдететін төлем жүйелерінің пайда болуы. Интернеттегі сатып алулардың айтарлықтай бөлігі әлі де қолма-қол ақшамен төленеді, шамамен 48%. Бірақ қолма-қол ақшасыз төлем әдістері танымал болуда. Сатып алулардың шамамен 21% банктік шоттардан онлайн немесе мобильді банкинг арқылы төленеді. Төлемдердің 13%-ы карточкалар арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанда бір тұрғынға шамамен 4 картадан келеді, олар айына шамамен 10 рет сатып алу үшін пайдаланылады. Соңғы жылдары Google Pay және Apple Pay арқылы контактісіз төлем, QR кодтары арқылы төлем жасау, сондай-ақ электронды әмияндар мен мессенджерлерден төлемдер белсенді түрде дамып келеді. Бұл онлайн төлемдердің инфрақұрылымын жақсартуға көмектеседі және Интернетте сатып алу процесін жеңілдетеді [7].

- Электрондық сауда нарығын қолданушылардың саны күн санап артқан сайын, нарықтағы бәсекелестік те артып жатыр. Бәсекелестіктің артуы түрлі жаңа тауарлар мен қызметтердің ассортименттерінің пайда болуына түрткі болып отыр. Бұл өз кезегінде ЖІӨ көлемін ұлғайтады. 2022 жылы Қазақстандағы онлайн-бизнес белсенді дамуын жалғастырып және елдің жалпы ішкі өнімінің өсуіне елеулі үлес қосып, 25%-ға өскен болатын еді [7].

- Елдегі шағын және орта бизнестің өсуін ынталандыру. Электрондық сауда шағын және орта бизнеске онлайн нарықтарға қол жеткізу және өз өнімдері мен қызметтерін ілгерілету үшін жаңа мүмкіндіктер беру арқылы олардың өсуін арттыра алады [7].

- Басқа мемлекеттердің тәжірибесінен байқағанымыздай, экономикадағы электрондық коммерция үлесінің ұлғаюы, көлеңкелі экономика үлесін азайтады. Себебі барлық операциялар айқын түрде жүзеге асырылады. Кәсіпкерлер салықтан жалтару жолдарын қолдана алмайды.

- Электрондық сауда сонымен қатар B2B (бизнес-бизнес) саудасының дамуына және әртүрлі салалардағы онлайн-сатылымдардың артуына мүмкіндік туғызуда.

Әлем елдері бойынша, электронды сауда саласының даму қарқыны жағынан АҚШ, Қытай және Еуропалық одақ елдері алдыңғы қатарда тұр. Қазақстандағы электрондық сауда саласы да әлемдік нарықта маңызды орын алады. Жалпы 2022 жылы электрондық сауда Қазақстанда 5,9 АҚШ долларын құрады. Бұл өз кезегінде 2021 жылмен салыстырғанда 18,9 % өсімді көрсетіп тұр. Бұл статистикалық көрсеткіш елдегі электрондық сауда саласының жоғары қарқынмен дамып, әлемдік нарықтағы үздік елдерді қуып жететінін көрсетеді. 2026 жылға қарай Қазақстандағы электрондық коммерцияның көлемі бөлшек сауданың жалпы көлемінің 22,2% жетеді деп болжануда [8].

Қорытындылай келе, 2020 жылы орын алған пандемиядан кейін электрондық сауда саласы Қазақстанда қарқынды даму үстінде болды. Ал 2022 жылы ол ең жоғарғы көрсеткішті көрсете отырып, ел басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында көзделген негізгі мақсатқа қол жеткізілді.

Электрондық сауда саласының дамуы Қазақстан үшін сауда-саттықты жандандыруға барынша мүмкіндік ашып берді. Сонымен қатар, электрондық сауда саласы елдің экономикасына оң әсерін тигізіп қана қоймай, елдегі халықтың да жағдайын біршама жеңілдетті. Жалпы айтқанда, электрондық сауда саласы тұтынушылар мен сатушыларды өзінің ыңғайлылығымен, шапшаңдығымен және әр тараптығымен өзіне тартады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Р.К. Андарова, М.Ә. Нұржан, Ж.М. Есполова. «Электрондық сауда: Қазақстандағы қазіргі жағдайы, мәселелері және даму болашағы», 2022.

2. Электронды сауда 2022: пандемиядан кейінгі серпінді сақтап қала аламыз ба? -URL: [https://nege.kz/news/elektrondi\\_sauda\\_2022\\_pandemiyadan\\_keiingi\\_serpindi\\_saktap\\_kala\\_alamiz\\_ba\\_20220727134409](https://nege.kz/news/elektrondi_sauda_2022_pandemiyadan_keiingi_serpindi_saktap_kala_alamiz_ba_20220727134409)

3.

Электрондық

коммерция.

URL:

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%82%D1%80%D0%BE%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D2%9B\\_%D0%BA%D0%BE%D0%BC%D0%BC%D0%B5%D1%80%D1%86%D0%B8%D1%8F](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%82%D1%80%D0%BE%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D2%9B_%D0%BA%D0%BE%D0%BC%D0%BC%D0%B5%D1%80%D1%86%D0%B8%D1%8F)

4. Электронды коммерция негіздері. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2022 ж.

5. Электронды сауда: Даму перспективалары, цифрлық сауаттылық және интернет-алаяқтармен күрес.-[Электрондық ресурс]-URL: [https://kaz.inform.kz/news/elektronny-sauda-damu-perspektivalary-cifryk-sauattylyk-zhane-internet-alayaktarmen-kures\\_a3900617/](https://kaz.inform.kz/news/elektronny-sauda-damu-perspektivalary-cifryk-sauattylyk-zhane-internet-alayaktarmen-kures_a3900617/)

6. Развитие электронной торговли – приоритетное направление программы «Цифровой Казахстан». URL: <https://www.zakon.kz/finansy/4925909-razvitie-elektronnoy-torgovli.html>

7. Особенности рынка электронной коммерции и онлайн-платежей в Казахстане. URL: <https://freedompay.money/blog/electronnaya-kommerciya-v-kazakhstane>

8. Объем рынка e-com в Казахстане может достигнуть \$5 млрд в 2023 году. URL: <https://gos24.kz/blog/2976>

УДК 330.342.23

## **ВЛИЯНИЕ НАУЧНЫХ ОТКРЫТИЙ И МНОГОГРАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАНЫША САТПАЕВА НА ВЕКТОР ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА**

**Нурбердиева Алия Мухамеджановна**

*desu00inbox.ru*

Студентка Западно-Казахстанского университета им. М. Утемисова

по специальности «Учет и аудит», Уральск, Казахстан

Научный руководитель – А.А. Бекарнеева

*Ты сердечным будь,  
Человеком будь  
И трудись, не жалея сил.  
Абай Кунанбаев*

Тех, кто своим умением, размышлениями дошел до сознания высших духовных сил и обязательно соединяет в себе любовь и правду, называют мудрецами. Они умеют направлять ум сотен людей на полезное дело. Нынче этих мудрецов называют учеными.

**Абай Кунанбаев**

Успешность и процветание страны во многом определяют неустанные и плодотворные труды великих сынов своего народа. От их профессионализма, нестигаемой воли, твердости, целеустремленности и искреннего желания принести пользу своей Родине значительно зависит ее укрепление и развитие. Каныш Сатпаев как великий сын казахского народа обозначил многие векторы научного, образовательного, общественного, индустриального и экономического развития нашей страны. Его вклад в становление науки и экономики своего народа огромен и бесценен. Бесценна его настойчивость и плодотворная результативность в достижении задач, успешное выполнение которых явились залогом экономических и социальных высот современного Казахстана.

Имя Каныша Сатпаева и развитие науки, индустрии, экономики Казахстана неразрывно связаны. К. Сатпаев – один из тех великих людей и ученых, кто первый достиг знаний о богатейших недрах своего народа и первый ученый, посвятивший свою жизнь открытию перспективных возможностей развития своей страны. Все стратегические планы развития Казахстана, безусловно, основаны на том крепком фундаменте, который